

**"2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №141 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 шілдедегі № 173 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 шілдеде № 6386 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 141 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6119 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 1), 2) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"1) кірістер – 13 841 690,1 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 865 605 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 56 596 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 46 000 мың теңге;

трансферттер түсімі – 12 873 489,1 мың теңге;

2) шығындар – 13 889 185,1 мың теңге;"

5-тармақтың 5), 6), 12) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"5) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет еткен) адамдарды әлеуметтік қолдауға – 34 920,7 мың теңге;

6) өңірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарындағы отбасылар санынан білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек көрсетуге – 33 683 мың теңге;"

"12) көлік инфрақұрылымын күрделі және орташа жөндеуге – 845 834,4 мың теңге;"

5-тармақтың 16) тармақшасы алынып тасталсын;

5-тармақ жаңа мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) 1 топтағы мүгедектер үшін жеке көмекшінің әлеуметтік көмектеріне ақы төлеуге – 19 226 мың теңге.";

5-1 тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) "Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлі бес тұрғын үй құрылысына. Кәріз және ауыз су жүйелерімен қамтамасыз ету" жобасын қоса қаржыландыруға – 9 262 мың теңге.";

5-1 тармақ жаңа мазмұндағы 2), 3) тармақшаларымен толықтырылсын:

"2) "Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлі бес тұрғын үй құрылысы" жобасын қоса қаржыландыруға – 108 279 мың теңге;

3) "Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлі бес тұрғын үй құрылысы. Электр жүйелерімен қамтамасыз етуге" жобасын қоса қаржыландыруға – 3 873 мың теңге.";

6-тармақтың 2), 3), 5), 7) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"2) тілдік курстар өтілінен өткен мұғалімдерге үстемақы төлеуге – 9 555 мың теңге;

3) оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 6 392 мың теңге.";

"5) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге – 9 158 мың теңге.";

"7) нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларын іске асыруға – 71 989 мың теңге, оның ішінде жалақыны ішінара субсидиялауға – 9 620 мың теңге, жастар тәжірибесіне – 62 369 мың теңге.";

6 тармақ жаңа мазмұндағы 8), 9), 10) тармақшаларымен толықтырылсын:

"8) жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге – 277 049 мың теңге;

9) ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге – 31 490 мың теңге;

10) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға – 300 000 мың теңге.";

6-1 тармақ жаңа мазмұндағы 2), 3) тармақшаларымен толықтырылсын:

"2) Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлі бес тұрғын үй құрылысына – 1 899 000 мың теңге;

3) Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлі бес тұрғын үй құрылысы. Электр жүйелерімен қамтамасыз етуге – 34 843 мың теңге.";

аталған шешімнің 1, 9-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қармақшы аудандық  
мәслихатының кезекті  
23-сессиясының төрағасы  
Қармақшы аудандық  
мәслихатының хатшысы

\_\_\_\_\_ *Ғ.Ұзақбаев*

\_\_\_\_\_ *М.Наятұлы*

Қармақшы аудандық мәслихатының  
2018 жылғы "10" шілдедегі  
№173 шешіміне 1-қосымша  
Қармақшы аудандық мәслихатының  
2017 жылғы "22" желтоқсандағы  
№141 шешіміне 1-қосымша

## 2018 жылға арналған аудандық бюджет

| Санаты |             |                                                                                                                                                                                                                                               |            | Сомасы,<br>мың теңге |
|--------|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|----------------------|
| Сыныбы |             |                                                                                                                                                                                                                                               |            |                      |
|        | Кіші сыныбы |                                                                                                                                                                                                                                               |            |                      |
|        |             | Атауы                                                                                                                                                                                                                                         |            |                      |
|        |             |                                                                                                                                                                                                                                               | 1.Кірістер | 13841690,1           |
| 1      |             | Салықтық түсімдер                                                                                                                                                                                                                             |            | 865605               |
|        | 01          | Табыс салығы                                                                                                                                                                                                                                  |            | 282918               |
|        | 2           | Жеке табыс салығы                                                                                                                                                                                                                             |            | 282918               |
|        | 03          | Әлеуметтік салық                                                                                                                                                                                                                              |            | 181866               |
|        | 1           | Әлеуметтік салық                                                                                                                                                                                                                              |            | 181866               |
|        | 04          | Меншікке салынатын салықтар                                                                                                                                                                                                                   |            | 340321               |
|        | 1           | Мүлікке салынатын салықтар                                                                                                                                                                                                                    |            | 278960               |
|        | 3           | Жер салығы                                                                                                                                                                                                                                    |            | 3213                 |
|        | 4           | Көлік құралдарына салынатын салық                                                                                                                                                                                                             |            | 58063                |
|        | 5           | Бірыңғай жер салығы                                                                                                                                                                                                                           |            | 85                   |
|        | 05          | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар                                                                                                                                                                               |            | 42500                |
|        | 2           | Акциздер                                                                                                                                                                                                                                      |            | 7300                 |
|        | 3           | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер                                                                                                                                                                           |            | 5200                 |
|        | 4           | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар                                                                                                                                                                             |            | 30000                |
|        | 08          | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер                                                                      |            | 18000                |
|        | 1           | Мемлекеттік баж                                                                                                                                                                                                                               |            | 18000                |
| 2      |             | Салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                        |            | 56596                |
|        | 01          | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                                                                                                                                                                                                        |            | 19000                |
|        | 5           | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер                                                                                                                                                                                  |            | 18927                |
|        | 7           | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар                                                                                                                                                                                    |            | 73                   |
|        | 04          | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар |            | 8000                 |

|                   |     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                      |
|-------------------|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|
|                   | 1   | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 8000                 |
| 06                |     | Басқа да салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                       | 29596                |
|                   | 1   | Басқа да салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                       | 29596                |
| 3                 |     | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                            | 46000                |
| 03                |     | Жерді және материалдық емес активтерді сату                                                                                                                                                                                                                                                           | 46000                |
|                   | 1   | Жерді сату                                                                                                                                                                                                                                                                                            | 36000                |
|                   | 2   | Материалдық емес активтерді сату                                                                                                                                                                                                                                                                      | 10000                |
| 4                 |     | Трансферттердің түсімдері                                                                                                                                                                                                                                                                             | 12873489,1           |
|                   | 02  | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                                                                                                                                                                                                                | 12873489,1           |
|                   | 2   | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер                                                                                                                                                                                                                                                               | 12873489,1           |
| Функционалдық топ |     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                      |
|                   |     | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі                                                                                                                                                                                                                                                                   | Сомасы,<br>мың теңге |
|                   |     | Бағдарлама                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                      |
|                   |     | Атауы                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                      |
|                   |     | 2.Шығындар                                                                                                                                                                                                                                                                                            | 13889185,1           |
| 01                |     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                                                                                                                                                                                                                                                 | 763229               |
|                   | 112 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты                                                                                                                                                                                                                                                | 25127                |
|                   | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                                                             | 24467                |
|                   | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                                                                                                | 660                  |
|                   | 122 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                                                                                                                                    | 185483               |
|                   | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                                                                 | 164728               |
|                   | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                                                                                                | 20755                |
|                   | 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты                                                                                                                                                                                                                 | 97400                |
|                   | 001 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                              | 97400                |
|                   | 452 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі                                                                                                                                                                                                                                                   | 26850                |
|                   | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                             | 23371                |
|                   | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                                                                                                      | 3479                 |
|                   | 805 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік сатып алу бөлімі                                                                                                                                                                                                                                   | 13526                |
|                   | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                                   | 13487                |
|                   | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                                                                                                | 39                   |
|                   | 453 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі                                                                                                                                                                                                                      | 26405                |
|                   | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                         | 26405                |

|     |                                                                                                                                                                                          |         |
|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| 458 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                               | 295433  |
| 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                         | 22504   |
| 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                         | 272929  |
| 493 | Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі                                                                                                          | 20620   |
| 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                      | 20345   |
| 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                   | 275     |
| 801 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атілерін тіркеу бөлімі                                                                | 72385   |
| 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                          | 70432   |
| 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                   | 1000    |
| 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                                                                                          | 953     |
| 02  | Қорғаныс                                                                                                                                                                                 | 13830,7 |
| 122 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                       | 13010,7 |
| 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар                                                                                                                            | 13010,7 |
| 122 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                       | 820     |
| 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою                                                                                              | 492     |
| 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 328     |
| 03  | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі                                                                                                                    | 2250    |
| 458 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                               | 2250    |
| 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету                                                                                                                               | 2250    |
| 04  | Білім беру                                                                                                                                                                               | 6905748 |
| 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты                                                                                                    | 118181  |
| 004 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                    | 118181  |
| 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                      | 546530  |
| 009 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                    | 269     |
| 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға                                                                                                   | 546261  |
| 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты                                                                                                    | 2148    |
| 005 | Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру                                                                                            | 2148    |
| 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                      | 5819420 |

|     |     |                                                                                                                                                                                                                     |          |
|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
|     | 003 | Жалпы білім беру                                                                                                                                                                                                    | 4237851  |
|     | 006 | Балаларға қосымша білім беру                                                                                                                                                                                        | 156025   |
|     | 054 | Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                                   | 1425544  |
| 465 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                                             | 70433    |
|     | 017 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру                                                                                                                                                        | 70433    |
| 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                                 | 349036   |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                      | 32543    |
|     | 005 | Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу                                                                        | 72857    |
|     | 007 | Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу                                                                                                                         | 1947     |
|     | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі                                              | 17372    |
|     | 023 | Әдістемелік жұмыс                                                                                                                                                                                                   | 12025    |
|     | 029 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету                                                                      | 12338    |
|     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                                                                                                                     | 155691   |
|     | 068 | Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету                                                                                                                                                         | 1590     |
|     | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                    | 42673    |
| 05  |     | Денсаулық сақтау                                                                                                                                                                                                    | 170      |
| 123 |     | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты                                                                                                                               | 170      |
|     | 002 | Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру                                                                                  | 170      |
| 06  |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                                      | 882999,7 |
| 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                                 | 1822     |
|     | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу                                                                                                                                                      | 1822     |
| 801 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі                                                                                          | 188246   |
|     | 010 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                 | 188246   |
| 801 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атілерін тіркеу бөлімі                                                                                           | 640301,7 |
|     | 004 | Жұмыспен қамту бағдарламасы                                                                                                                                                                                         | 179987   |
|     | 006 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 26553    |
|     | 007 | Тұрғын үйге көмек көрсету                                                                                                                                                                                           | 102109   |
|     | 009 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету                                                                                                                                           | 4416     |
|     | 011 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек                                                                                                             | 104743,7 |
|     | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету                                                                                                                                                                    | 51994    |

|     |     |                                                                                                                                                                                                                                                               |         |
|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
|     | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 107280  |
|     | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                         | 63219   |
| 458 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                                                                    | 759     |
|     | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру                                                                                      | 759     |
| 801 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атілерін тіркеу бөлімі                                                                                                                                     | 51871   |
|     | 018 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу                                                                                                                                                   | 3039    |
|     | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру                                                                                      | 48832   |
| 07  |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                                                                                                                                                                              | 2118324 |
| 458 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                                                                    | 4134    |
|     | 004 | Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                 | 3816    |
